

МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасы» өзін-өзі бағалау қорытындысының мазмұны

1. МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасы» туралы мәлімет
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар
3. Оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру
4. Оқу-материалдық активтері «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының 2018-2022 оқу жылдар аралығындағы материалдық—техникалық базасының сараптамасы
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту біліктілігі бар мамандардың болуы
6. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау
7. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы
8. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру
9. Білім білік дағдысын меңгеру бойынша мониторингінің, жеке даму карталарының болуы
10. Ата-аналармен жұмыстың негізгі бағыттары, ата-аналардың білім беру қызметінің сапасына қанағаттануын талдау
11. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары деңгейіне қойылатын талаптар
12. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар
13. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар
14. Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері
15. Бес жылға арналған даму жоспары
16. Кемшіліктер мен ескертулер

17. Қорытынды

Бағаланатын кезеңде балабақша басшысымен бекітілген оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар, перспективалық жоспарлар мен циклограммалар, Ересек тобы тәрбиеленушілерінің мониторингісінің, жеке даму карталарының, зияткерлік конкурстарының мадақтама көшірмелері, жас топтарына сәйкес бала контингентінің тізімі, бейнематериалдар (баланың жеке, зияткерлік, әлеуметтік, эмоцияналдық дамуын қамтамасыз ету бойынша), бухгалтерлік есеп (мүлік, жабдықтар, жүк құжаттарының есебі) медициналық лицензия көшірмесі қоса берілді.

**Түркістан облысыны адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нұрсая»
бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Алғабас ауылы

20.06.2022 жыл

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Мекеменің атауы: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Пайдалануға берілген жылы: 11.11.2011ж МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы. Сыйымдылығы: 50 орындық

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері:Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Алғабас ауылы, Қаратау көшесі, №46 үй.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87252 71-0-52, электронды поштасы gaushan.igenbek@mail.ru

4)Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: 8 777 916 62 78, 2015 жылғы 18 ақпандағы № 29 бұйрықпен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының Бәйдібек аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі». БСН-111140007789, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 11.11.2011 жыл. Соңғы (қайта) тіркеу күні: 22.01.2021жыл. Жарғы Түркістан облысы әкімдігінің 14.01.2021 жылы №5 қаулысымен бекітілген.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 04 ақпандағы №KZ26RVK00031544 хабарлама берілген.

2.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1)Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Нұрсая» бөбекжай балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, сағат 8.00-бастап 18.00 сағатқа дейін.

МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасында жалпы 50 бала тәрбиеленуде.

2018-2019 оқу жылында Топ саны-2.

Қ/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Күншуақ» аралас тобы	1-3 жас	25
2	«Кәусар бұлақ» аралас тобы	3-5 жас	25
	Барлығы:		50

2019-2020 оқу жылында Топ саны-2.

Қ/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Күншуақ» аралас тобы	1-3 жас	25
2	«Кәусар бұлақ» аралас тобы	3-5 жас	25
	Барлығы:		50

2020-2021 оқу жылында Топ саны-2.

Қ/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Күншуақ» аралас тобы	1-3 жас	25
2	«Кәусар бұлақ» аралас тобы	3-5 жас	25
	Барлығы:		50

2021-2022 оқу жылында Топ саны-2.

Қ/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Күншуақ» аралас тобы	1-3 жас	25
2	«Кәусар бұлақ» аралас тобы	3-5 жас	25
	Барлығы:		50

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2018-2019 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі ережелерін бекіту туралы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығын және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1 қосымшасына «1 жастан 6(7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» және 22.06.2016 жылғы №391 бұйрығының 1 қосымшасына сәйкес «2018-2019 оқу жылына арналған жылдық жүктеме сағаттарына» сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленді.

2018-2019 оқу жылына арналған жүктеме сағаттары Білім салалары бойынша:

1. «Күншуақ» аралас тобында инварианттық бөлімі бойынша 1 жастан 2 жасқа дейін «Денсаулық» білім саласы-108 сағат, «Коммуникация» білім саласы-36 сағат, «Таным» білім саласы-36 сағат, «Шағармашылық»-72 сағатты құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі-7, ҰОҚ ұзақтығы-7 - 10 минут.

«Күншуақ» аралас тобы: инварианттық бөлімі бойынша 2 жастан 3 жасқа дейін «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі-9, ҰОҚ ұзақтығы-10-15 мин

2. «Кәусар бұлақ» аралас топтарында (3-4 жас аралығындағы балалар) инварианттық бөлімі бойынша «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат «Әлеумет»-18 сағатты құрады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі- 11, вариативтік бөлім-1 (36 - сағат) Тақырыбы: Бәрін білгім келеді. ҰОҚ ұзақтығы-10-15 мин

«Кәусар бұлақ» аралас топта (4-5 жас аралығы): инварианттық бөлімінде «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126, «Әлеуметтік орта»-18 сағат құрады. Жылдық оқу жүктемесінің сағат саны-432 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемі-12 сағат, вариативтік компонент-2 (Ертегілер елінде-1 сағат, шебер қолдар-1 сағат) сағат. Жалпы:14 сағ құрады. ҰОҚ-ұзақтығы 15-20 мин.

2019-2020 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудегі барлық деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылдағы 31 қазандағы № 604 бұйрығын, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2018 жылдың 30 қазандағы № 595 бұйрығын, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 12 тамыздағы №499 бұйрығын және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20

желтоқсандағы №557 бұйрығының және 10.10.2018 жылғы №556 бұйрығының 1 қосымшасына сәйкес «2018-2019 оқу жылына арналған жылдық жүктеме сағаттарына сүйене отырып әр топтың оқу жоспары дайындалды. Барлық жас топтарында Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», ортаңғы топта «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылды.

- 1.«Күншуақ» аралас тобы (1-2 жас аралығындағы балалар) тобының жылдық оқу жүктемесі-252 сағатты құраса, «Күшуақ» аралас тобы (2-3 жас аралығындағы балалар) топтарында жылдық оқу жүктемесінің сағат саны-324 сағат өзгеріссіз.
2. «Кәусар бұлақ», аралас тобында (3-4 жас аралығындағы балалар) топтарының жылдық оқу жүктемесі 396 сағат және вариатив компоненттері-36 сағат құрайды. «Кәусар бұлақ» аралас (4-5 жас аралығындағы балалар) тобының жылдық оқу жүктемесінің сағат саны-432 сағат, вариативтік компонент-72 сағатты құрады.

2020-2021 оқу жылында «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына» /31қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына /ҚРБҒМ 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығының және 15.05.2020 жылдың №195 бұйрығының 1- қосымшасы, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары»/ 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы және 12.08.2016 жылғы № 499 бұйрығына сүйене отырып «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының оқу жоспары жасалды.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды,Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығының 1-қосымшасы, Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №557 бұйрығының 1-қосымшасына сүйене отырып жас ерекшеліктеріне қарай ата-ана өтінішін негізге алып, карантиндік жағдайда ашылған кезекші топтардың оқу жоспары дайындалды.Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып,оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас»,«Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылды.

- 2-3 жас аралығындағы балалар кіші топ деп аталды.
- «Күншуақ» аралас (1-2 жас аралығындағы балалар)-тобының жылдық оқу жүктемесі-252 сағатты құрады. Апталық оқу жүктемесінің көлемі-7 сағ, Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-7-10 мин. «Күншуақ» аралас тобының (2-3 жас аралығындағы балалар) жылдық оқу жүктеме сағат саны өзгеріссіз, инвариатив бөлімінде-324 сағат.

- 3 жастан асқан балалар ортаңғы топ деп аталды.

«Кәусар бұлақ» аралас (3-4 жас аралығындағы балалар) ортаңғы тобында инвариатив бөлімінде 396 сағат, вариативтік компонент 36- сағатты құрады.

«Кәусар бұлақ» аралас тобы (4-5 жас аралығындағы балалар) ересек тобы болды. Ересектер тобында «Денсаулық» білім саласында -108 сағат, «Қатынас» білім беру саласында драма 18 сағат алынып тасталып, 90 сағатты құрады. «Таным» білім беру саласында -90 сағат, «Шығармашылық» білім беру саласында-126 сағат, «Әлеумет» білім беру саласында 18 сағат болды. Вариативтік компонент-2. Жалпы жылдық оқу жүктемесі 432 , вариативтік компонент-72 сағат болды.

2021-2022 оқу жылында «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасында Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды. Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының оқу жоспары жасалынды.

Барлық жас топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылады.

Жылдық жүктеме сағаттары:

«Күншуақ» аралас (1-2 жас аралығы) тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша 108 сағат. «Қатынас»-36, «Таным»-36, «Шығармашылық»-72 сағат. Барлығы-252 сағат құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-7-10 минут, апталық оқу жүктемесі-7 сағат.

«Күншуақ» аралас тобы (2-3 жас аралығындағы балалар) «Денсаулық» білім беру саласы бойынша -108 сағат. «Қатынас»-36, «Таным»-72, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы: 324 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-10-15 минут апталық оқу жүктемесі-9 сағат.

«Кәусар бұлақ»аралас (3-4 жас аралығындағы балалар) топтарында «Денсаулық» білім саласында -108 сағат, «Қатынас» білім саласында 72 сағат, «Таным» білім саласында -90-сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет»-18 сағатты құрады. Жалпы:396 сағат. Вариативтік бөлім-1 (36 сағат)

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: 15-20 минут, апталық оқу жүктемесі-11 сағат, вариативтік компонент -1 сағат.Жалпы: 12сағат.

«Кәусар бұлақ»аралас тобының (4-5 жас аралығындағы балалар) жылдық оқу жүктемесі бойынша «Денсаулық» білім саласында-108 сағат, «Қатынас» білім саласы-90 сағат, «Таным» білім саласы-90 сағат, «Шығармашылық» білім саласы-126 сағат, «Әлеумет» білім саласы-18 сағатты, жалпы:-432 сағат, Вариативтік компонент-72 сағатты құрады.

(Бағаланатын кезеңге 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының оқу жоспары ұсынылды)

3.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасындаҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырды. Үлгілік оқу бағдарламасы балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, барлық жас топтарында іске асырылады.

Бөбекжай балабалабақшада мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-тәрбие құжаттарына талдау жасалынды. Оқу-тәрбие жұмыстары Мектепке дейінгі стандарт талаптарына сәйкес құрылған оқу жоспары,күн тәртібі, өтпелі тақырыптар негізінде құрылған перспективалық жоспарларға және балалардың күн тәртібі мен дамуын бір аптаға жоспарлауға құрылған циклограмма негізінде жүзеге асты. Жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі.

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру; Үлгілік оқу бағдарламасын меңгертуде мына төмендегідей дағдыларды қалыптастыру міндетке алынған.

1-5 жас аралығындағы балаларға бағдарламаны меңгертуде «Денсаулық» білім беру саласы бойынша қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру; мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту; жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру; болса, «Қатынас» білім беру саласы бойынша, – өздігінен сөйлеуге сұранысын қалыптастыру; балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту; әдеби тілде сөйлеуін дамыту; дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту; сөз өнеріне баулу; Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.

«Таным» білім беру саласы бойынша қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру; командада жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру;

көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту; тірі және өлі табиғат туралы білімдерін, табиғатта өзін ұстау туралы ережелерді және қарапайым өзара байланыстар туралы білімдерін байыту; табиғатқа сүйіспеншілікке және ұқыпты қарауға баулу; өз ойы бойынша құрылыстарды жасауға, оларды мазмұн бойынша біріктіруге және олармен ойнауға ынтасын тәрбиелеу. «Әлеумет» білім беру балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; Қазақстанның халық ауыз әдебиеті шығармашылығын қолдану арқылы Отанға, туған өлкесіне, отбасына деген сүйіспеншілікті, ересектерге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

4-5 жас аралығындағы балаларға «Денсаулық» білім беру саласы бойынша балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық, тепе-теңдікті сақтау, икемділік; түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы

тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; жүру мен жүгіруде, секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмелеуде негізгі қимыл түрлерін, жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру; «Қатынас» білім беру саласы бойынша, Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану.

Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту; заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру; ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. байланыстырып сөйлеу; жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану; әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру; сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен бірге қолдану; тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды қолдану. «Таным» білім беру саласы бойынша, жаратылыстану бойынша түсініктерін, тірі және өлі табиғат жайлы білімдерін, танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; командада жұмыс істей білуге үйрету; сенсорлық қабілеттерін, алғашқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін дамыту; табиғатта өзін ұстай білудің қарапайым ережелерімен таныстыру; эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой - өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу; сыни ойлау дағдыларына тәрбиелеу.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша балалардың сезімдік-эмоциялық қасиеттерін, бейнелеу өнері мен музыкалық білімдерін қалыптастыру; шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; қарапайым заттар, құбылыстар, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуде біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, пішінді, түсті, заттардың орналасуын беруге үйрету; қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету; «Әлеумет» білім беру саласы бойынша ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастармен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту; отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу; құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу; туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

ҚР тұңғыш президенті, елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 ж 12-сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт- дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру. "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде әр оқу жылында арнайы жоспар құрылып, өтілген іс-шаралар педагог ұжыммен талданып, сараланып отырылды. 2017 жылдың желтоқсан айынан бастау алған құндылыққа тәрбиелеу әрекеті әліде жалғасын табуда.

(Бағаланатын кезеңге 2021-2022 оқу жылының «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруда арнайы құрылған жоспары, хаттамасы көшірмелері ұсынылды)

- МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды.

Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналардың баланың тұлғасының қалыптасуында және оның қабілеттерін дамыту;
- Балалардың жас, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес олардың дамуына әрекет жасау;
- Балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда денсаулықты сақтау тәсілдерін қолдану;
- Баланың даму деңгейіне мониторинг жүргізуге және мектепке дейінгі ұйым қызметіне инновациялық қолдау көрсету;
- Оқытудың тұтастық, сабақтастық, үздіксіздік ұстанымдары келесі бөлімде бұрын игерген білімді бекітуді, кеңейтуді және тереңдетуді жалғастыратын білім беру салалары бөлімдерінің арасындағы байланыс;
- Ақпараттық –коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесін интерактивті құру.
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мазмұнына мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқыту және дамыту бағдарламаларын негізге алып, ресурстар кіретін интерактивті жабдықтармен жұмыс жүргізу.
- Бұл технологиялар балалардың логикасының, ойлауының, сенсорлық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.
- Тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы іске асыру үшін педагогтар «Оқулықтардың, оқу әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқада қосымша әдебиеттердің қорын құру.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Осы міндеттерді орындау мақсатында «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының педагогикалық ұжымы білім мен тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

2018-2019 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстары мына төмендегіше жүргізілді. Жаңа оқу жылының міндеттемелері №1 педагогикалық кеңесте айқындалды. Педагогтармен, балалармен, ата-анамен ынтымақтастықта жүргізілетін жұмыстар жоспары түзіліп, бекітілді. Балабақшаның күн тәртібі, оқу жоспары, іс-шаралар кестесі, педагогтардың іскерлік дағдысын көтеру жоспары, құқықтық біліктілік, семинар, кеңестер, озық педагогикалық тәжірибені анықтау жинақтау, енгізу, қауіпсіздік мектебі, шығармашылықпен айналысу жоспары, жас маманмен жұмыс жоспары жасалынды. Балаларға арналған ертеңгіліктер мен серуендер, жол қауіпсіздік ережесін меңгерту бойынша іс-шаралар, театр, ашық көрсетілімдер, ата-аналарға консультация беру, ашық есік күндерін өткізу жоспары бекітілді. Құқықтық сауаттылық педагогтар үшін маңызды деп танылды. Құқықтық біліктілікті арттыру бойынша айына бір рет кеңес жоспарланып, өтіліп отырды. Сонымен қатар оқу жылының қазан айында «Бала денсаулығын нығайту жолдары», «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның атқаратын рөлі» тақырыбында балабақша әдіскері А.Егембердиева тәрбиеші И.Спабекова лекция-сабақ өтті. Баланың бойына табиғатты сүю, құрметтеу, қорғау сезімдерін қалыптастыру мақсатында педагогтармен тәрбиеленушілерді қатыстыра отырып, ақпан-сәуір айында «Қоршаған ортамен тікелей және жанама таныстыру әдістерін ұштастыра пайдалану», «Экологиялық тәрбие-болашақ кепілі», «Табиғат әлеміне қамқорлық жасау және күтіп баптаудағы баланың іс-әрекеті» тақырыбында семинар-практикум өтілді. Әдіскердің ұйымдастырумен педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту шаралары үнемі жүргізіліп отырды. Ұйымдастырылған оқу-іс әрекеті бойынша технологиялық карта түзу әдістемесі, дамыту ортасы баланың жеке қабілеттерін қалыптастырудағы ықпалы, балабақшада инновациялық қызметті ұйымдасстыру, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары, балаларды жазғы кезеңде тамақтандырудың ерекшеліктері турасында тәрбиешілерге кеңестер берілді. Балабақшаішілік, аудандық, облыстық, республикалық семинарларға қатысып, озық тәжірибелерді қолдану, тарату жұмыстары жүргізілді. Тәрбиеші М.Сербаева, «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дамыту ойындары» тақырыбында ізденіс жүргізді, іс-тәжірибеде қолдану әдісін көрсетті. Тәрбиеші А.Жолдыбаева «Ғажайып текшелер мен сиқырлы сандар әлемі» тақырыбында әріптестеріне кеңес беріп, ресурстар толықтырылды. Музыка жетекшісі А.Егембердиева мектепке дейінгі бөбекжай-балабақшасында

ортаңғы топтарға арналған ертеңгілік сценарийлермен әндер жинағының әдістемелік құралдарын жинақтады.

Педагогтердің шығармашылық ізденіс тақырыптары анықталып, аталмыш тақырыптарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Оқу жылында педагогикалық кеңес 5-рет өткізілді. № 1 педагогикалық кеңесте оқу жылының жоспары, мақсат-міндеті, жұмыс жоспарлары қаралып, бекітілді. № 2 Педагогикалық кеңесте оқу-тәрбие жұмыстарын жақсарту жұмыстары қарастырылды. № 3 Педагогикалық кеңесте балалардың танымдық белсенділігін арттыру, өз ортасымен достық қарым-қатынас жасауға баулу әдістері, жұмыстары қарастырылды. № 4 Педагогикалық кеңесте бөбекжай-бақшаның жоспарларының орындалуы, жеткен жетістіктер талқыға салынды. №5 Педагогикалық кеңесте педагогтар шығармашылық есеп берді. Оқу жылында алты рет директордың қатысуымен кеңес өткізілді. Меңгеруші жанындағы кеңесте оқу жылы дайындық, мерекелік ертеңгіліктердің өткізілуі қадағаланып, бағаланып отырды. Тоқсанына бір рет өндірістік кеңес өткізілді. Кеңес еңбек және техника қауіпсіздігі бойынша инструктаж сабақтардың өтілу барысын қадағалады, мекеменің материалдық жағдайы, тазалығы талқыланып, шешімін тапты. Әдістемелік кабинет жұмысы педагогтармен бірлесе отырып жүргізілді. Әдіскер А.Егембердиева әдістемелік кабинетті оқу бағдарламаларымен, сенсорикалық материалдармен оқу-тәрбие жұмысына арналған стенділерді жаңарту, жылдық жоспарда түзілген іс-шаралардың айлық жоспарда жүзеге асуын қадағалап, іс-шаралар сценарийлерімен материалдарын, фотолар жинақтап отырды. Оқу жоспарына, іс-әрекет кестесіне сәйкес білім салаларының жүргізілуін, күн тәртібінің сақталуын қадағалап отырды. Бөбекжай-бақшада баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балаларға қауіпсіздік ережелерін жас ерекшеліктеріне сәйкес ұғындыру басты назарда болды. Жол ережесі бойынша семинар-практикум, инструктаж сабақтарын өту, әңгімелесу, «Жол ережесін үйренейік», «Автобус», «Кім жүйрік», «Жас өрт сөндірушілер» сынды ойындар, ертеңгіліктер, үгіт-насихат жұмыстары өткізілді. Ата-аналарға «Бұны білу керек» тақырыбында (бала жарақатына байланысты), улану, жарақаттану, «Төтенше жағдайлар кезінде» сынды алдын алу жұмыстары, жеке әңгімелер жүргізілді. Оқу жылында жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану басты назарда болды. М.Монтессори педагогикасы арқылы балалардың сенсомоторикалық дағдыларын дамыту. Балалардың сөздік қорын ойын арқылы молайту, тілдік құзіреттілік ТРИЗ әдісін қолдану, алғашқы математикалық ұғымдарды қалыптастыру, балабақшада инновациялық қызметті ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Жаз мезгілінің жоспары түзіліп, күн тәртібі бойынша сауықтыру-шынықтыру шаралары үнемі жүргізіліп отырды. Серуен, дене жаттығулары, су, ауа терапиясын пайдалану топ тәрбиешілері барлық тәрбиешілерге міндеттелді. Балалардың танымдық, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру, дамыту мақсатында «Кәусар бұлақ» аралас тобы балаларымен күзгі баққа, азық-түлік дүкеніне, жазғы саябаққа саяхат жасалды.

Бөбекжай балабақшада көңілді орта қалыптастыру, қызығушылығын арттыру, эмоционалдық дамыту мақсатында ертеңгіліктер мен ойын-сауықтар өткізілді. «Білім күні», «Тілдер мерекесі», «Алтын күз мерекесі», «Тәуелсіздік күні», «Денсаулық күні», «Аналар мерекесі» «Наурыз мерекесі», «Ғарышкерлер күні», «Құстар күні» «Мамыр мерекелері» «Балаларды қоғау күні» ата-аналардың қатысуымен өткізілді. Осындай мерекелік ертеңгіліктерді өткізу балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдады. Балабақша басшысы Р.Игенбекова әдіскер А.Егембердиева оқу-тәрбие жұмыстарына үнемі бақылау жасап отырды. Топтарда дамытушы орталықтардың толықтырылуы, жыл мезгілдеріне сәйкес безендірілуі, тәрбиешілердің іс-құжаттарының жүргізілуі, педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерінің өсуі, бағдарлама талаптары мен міндеттерінің орындалуы. Білім салалары бойынша балалардың білім-білік дағдысының өсуі бақыланып отырылды. «Қызықты математика», «Аңдардың қысқы тіршілігі», «Орманға саяхат», «Қоянға көмектесейік», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Көңілді қоңыздар жаттығуы» тақырыптарында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өтіліп, педагогтар М.Сербаева мен М.Қылшынбетованың ашық көрсетілімдері жоғары бағаланып, оқу жылының қорытындысымен марапатталды.

2019-2020 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының бағыттары, мақсат-міндеттері мына төмендегіше құрылды:

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік құндылық бағдарын адамның оң мінез-құлқы, нормасы, тәртіптік ережесі, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру.

Міндеті:

1.«Денсаулық» білім беру саласы.

- Балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру.
- Балаларды ата-аналарымен салауатты өмір салтына тарту.

2.«Әлеуметтік орта» , «Таным» білім беру саласы.

- Балалардың адамгершілік құндылығын оң мінез-құлқын тәртіптік ережелерін қалыптастыру. Қоршаған ортамен таныстыру.

3.«Коммуникация», «Шығармашылық» білім беру саласы.

- Мемлекеттік тілдің базалық құндылықтарын меңгерту; Мектеп жасына дейінгі көптілді тұлғаны тәрбиелеу.
- Балаларға Отансүйгіштік, елжандылық ұғымдарын қалыптастыру.
- Мектеп жасына дейінгі сезімдік эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілеті елестетуін дамыту.

2019-2020 оқу жылында әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарын жасап жоспарға сәйкес жұмыс жүргізу балабақша әдіскері А.Егембердиеваға

міндеттелді. Педагог кадрлардың іскерлік дағдыларын арттыру, біліктілігін көтеру және ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Стандарт талаптарын орындауда күн тәртібі, оқу жоспарын құрылды. Барлық топтың перспективалық жоспарлары өтпелі тақырыптар негізінде жасалынды. Білім беру салаларына сәйкес оқу қызметтеріне қажетті дамытушы орталықтар толықтырылды. Бөбекжай балабақшада дамытушы орталықтарды, құралдарды толықтыру мақсатында ұлттық бұрыш, денсаулық бұрышы, табиғат бұрышы жасалынып, толықтырылды. Барлық топтарда таңғы жаттығу, жыл мезгілдерінің, ойын, серуендердің картатекалары жаңартылды. Оқу жылында айына бір реттен кем емес педагогтарға әдістемелік кеңестер беріліп отырды. Педагогтарға коммуникативтік-тілдік құзіреттілік, баланы бейнелеу өнеріне баулу, оқытуды ұйымдастырудың түрлері мен құрылысы, трафорет театры, отбасы мен балабақша ынтымақтастығын арттыру, балалардың денсаулығын нығайтуда инновациялық технологияларды қолдану «Құм терапиясының» маңызы, балабақша жағдайында инклюзивті білім беру мәселелері сынды әдістемелік кеңестер берілді. 2019-2020 оқу жылында педагогтардың кәсіби қызметіне Монтессори технологиясы, денсаулық сақтау технологиясы, ТРИЗ технологиясы, дамыта оқыту технологиясы қолданылды. Оқу жылында балабақшада 1-жас маман болды. Тәлімгер мен жас маман жұмысының жоспары жасалынып жоспарға сәйкес, жас мамандармен жұмыстар жүргізілді. Жоспарда көрсетілген мерзімде «Сәлеметсіз бе-бұл мен! Келіңіз, танысайық» шағын тренинг, Жас педагогқа тәлімгерлер белгіленіп бұйрықпен бекітілді. Жас маманға әдіскер, жетекші мамандар топтарда пәндік-дамыту кеңістігін құру. Негізгі бағдарламалық талаптар, күн режимінде санитарлық нормалар мен қауіпсіздік техникасын орындау, мектеп жасына дейінгі балалардың байланыс қабілеттерін театрлық ойын іс-қимыл ыарқылы дамыту, ата-аналармен дәстүрлі емес жұмыс түрлері тақырыптарында кеңестер берілді.

Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жанақтау бойынша жоспар білікті педагогтармен кеңесте талқыланып, балабақша директорымен бекітілді. «Бөбекжай балабақшада ойын арқылы балалардың ой-өрісін жетілдіру, сөздік қорларын дамыту жолдары» тақырыбында тәрбиеші А.Жолдыбаева материалдар жинақтап, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Іс-тәжірибеде енгізуге ұсынды. М.Сербаева «Балабақшада ойын арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбында педагогтармен балабақша ішілік семинар өткізіп, іс жүзінде ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтті. И.Жақсылыққызы «Мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытуда ертегілердің маңызы» тақырыбында педагогикалық кеңесте баяндама жасады. Педагогикалық кеңесте балабақшаның күн тәртібінің бір бөлшегі ретінде қарастырылып, күннің екінші жартысында үнемі қолдануды тапсырды. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін арттырып отыру балабақшада алға қойылған жүйе.

Уақытылы аттестациядан өту, біліктілігін арттыру, білім жетілдіру курсатарына жіберу балабақша әкімшілігі тарапынан бақыланып, аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарының жүргізілуі кеңесте қаралып отырылады. Сонымен қатар, педагогтардың курстан өтуі бойынша, 2019-2020 жылдарға арналған білім

жетілдіру курстарынан өту жоспары жасалынған. Балабақшада топ тәрбиешілері білім беру процесін ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар бойынша, ата-аналар арасында салауатты өмір салтын құруды насихаттау негізінде әр топта жылжымалы папка дайындады. Педагогтердің оқу-тәрбие жұмыстарымен құжаттары бақылауға алынып, жүйелі жүргізіліп отырылды. Топ тәрбиешілері «Білім күні», «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл», «Наурыз» мерекелерін сапалы өткізді. Тәрбиешілер «Ата-аналар бұрышын», «Ұлттық бұрыш», «Денсаулық бұрышы» қабырға стендтерін жасады. Балалардың қауіпсіздігі-басты мақсат болды. Балаларға өмір қауіпсіздігі туралы сана қалыптастыру мақсатында «Кәусар бұлақ» аралас тобында «Бағдаршам», «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік», «Көшеде», «Үйде өзің қалғанда» «Құтқарушылар» тақырыптарында ашық көрсетілімдер, тәрбие сағаттары, әңгімелесулер өтті. Оқу жылының басында жоспарланғандай жыл бойында төрт педагогикалық кеңес өтіліп, хаттамасы түзіліп, педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес жұмыстар жүргізілді. Кеңесте тәрбиеленушілердің күзиреттілігін дамытуда, педагогтардың жұмыс бағыттарын талқылауда, озық тәжірибені бөбекжай-бақшада енгізуде, бала денсаулығын нығайтуда, тілін, ой-өрісін дамытуда жалпы үлгілік оқу бағдарламасын, стандарт талаптарын орындауда жүргізілген жұмыстар талқыланып отырылды. Сонымен қатар, балалармен, педагогтармен, жалпы қызметкерлермен өтілетін мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, тәрбие сағаттары, ашық есік күндерінің мақсатқа сай өтілу барысы, меңгеруші жанындағы кеңесте талқыланды. Педагогтарға әдістемелік кеңес беруде бөбекжай-балабақшасының әдіскері А.Егембердиева жаңа технологиялардың, педагогикалық әдіс-тәсілдердің, қолданысын үнемі бақылап, түрлі тақырыптарда кеңес берді. Балабақшаішілік, аудандық, облыстық семинарларға қатысу, балабақшаішілік семинар өткізу осы әдістемелік кеңесте талқыланып, жоспарланды. Ата-аналармен ынтымақтастық балабақшада басты назарда, педагогпен ата-ананың ынтымақтастығы бала бойында сенімділік беретінін ескерген ұжым ата-аналармен бірлескен жұмысты қолдайды. Жылына үш реттен кем емес ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста ата-аналардан сауалнама алынып, психолог С.Шындалиеваның ұйымдастыруымен «Сіз-қандай ата-анасыз?», «Бала-біздің болашағымыз», «Қиын жағдайда» сынды тренингтер өтті.

Топ тәрбиешілері «Денсаулық» білім беру саласы бойынша «Еңіс тақтай бойымен» тақырыбында А.Жолдыбаева, «Таным» білім саласы бойынша «Үй жануарлары қандай» тақырыбында И. Спабекова, «Коммуникация» білім беру саласы бойынша «Тілім менің мақтанышым» тақырыбында И.Спабекова, «Шығармашылық» білім саласы бойынша «Тоқаштар» М.Сербаева, «Коммуникация» білім саласы бойынша «Тілім менің байлығым» М.Қылшынбетова, «Коммуникация» білім саласы бойынша «Комнатная мебель» тақырыбында орыс тілінен Игенбекова Райхан өтсе, «Шығармашылық» білім саласы Музыка бөлімі бойынша «Болайықшы осындай» атты А.Егембердиева ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өтті. Оқу жылының соңында қорытынды педагогикалық кеңес қорытындысымен оқу жылының жоспары талқыланып, үздік жұмыстар атқарған педагогтар мен қызметкерлер мадақталды.

2020-2021 оқу жылының мақсат-міндеті айқындалып өз жұмысын бастады. Мақсат: Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, туған жерге деген сезім мен махаббатқа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепке оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығын қамтамасыз ету.

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңа білім беру бағдарламаларын жаңа стандартқа сай ұйымдастыру. Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту; жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғалық мәдениетке ие бала тұлғасын дамытуда үлес қосу және тәрбиелеу. Балаларды отбасы мен қоғамның дәстүрлері мен құндылықтарына тәрбиелеу. «Тіл және қатынас» тілдік құзыреттілігін қалыптастыру, тілді қабілеттерін дамыту, көркем шығармаларға қызығушылығын қалыптастыру (оларды өз ана тілінде еркін және дұрыс сөйлеуге үйрету) Жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандарты талаптары негізінде балабақша жұмысын төмендегі бағыттар бойынша құру: Стандарт талаптарын педагогикалық ұжым арасында оқу, орындау жолдарын арналған әдістемелік іс-шаралар жүргізу. Ата-аналар арасында педагогикалық –ағарту жұмыстарын жандандыру. Бақшаның материалдық базасын жақсарту. Топтардағы дамыту орталықтарын ойыншықтар және дидактикалық материалдарымен толықтыру. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша балалар өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, өздігінен қозғалу белсенділіктерін арттыру. Денсаулық сақтау және нығайту, салауатты өмір салты жөнінде қарапайым түсініктерін қалыптастыру, сауықтыру және шынықтыру өздігінен қозғалу белсенділіктерін арттыру мақсатында жүргізілетін шараларды жүзеге асыру. «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша балалардың түрлі музыкалық шығармашылық істерге араласып, әуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту. «Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың тілін дамыту жұмысы дидактикалық ойындар ментеатрланған көріністерді пайдалану арқылы дамыту. «Әлеумет» білім саласы бойынша әлеуметте қарым-қатынас жасауға үйрету жұмысын жалғастыру. «Таным» білім саласы бойынша балалардың танымдық қабілетін ойындар арқылы дамыту. Балалардың негізгі құзыреттіліктерін қамтамасыз ету үшін «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық» білім салаларын интеграциялау: Музыкалық түрлі іс-әрекеттерді орындату балалардың есту, тыңдау қабілеттерін шыңдау. Тәрбиешінің ізденімпаздығы мен жаңашылдықты ендіруі арқылы баланың қиялын, сөздік қорын, тіл байлығын, ойлауын дамыту. Оқу-тәрбие жұмыстарында негізгі нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, жүргізілді.

Оқу жылында педагогтармен жүргізілген мынадай жұмыстар жүргізілді. Шығармашылық топтың жұмысы, әдістемелік жұмыстар (семинар, озық іс-тәжірибе, шеберлік сыныптар, жарыстар, байқаулар, дөңгелек үстел, кеңестер т.б), жас маман-тәлімгер жұмысы. Оқу жылында мектепке дейінгі стандарт талаптарымен қоса Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығын қосымша негізге алып жұмыс жүргізілді. Оқу жылының мақсат-міндеттері айқындалып, салауатты өмір салтын ұйымдастыру бойынша жұмыстар, педагогтармен, балалармен жұмыстар жүргізілді. Жаңа оқу жылының басында 2-топта кезекші топ құрылып, 10-15-баладан карантин жағдайында жұмыс жүргізу басталды. Білім беру процесін ұйымдастыру бойынша ашық көрсетілімдер, ҰОҚ, ойын әрекеті, режимдік сәттер, жеке топтарда ертеңгіліктер, байқаулар, көрмелер өтті. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру бойынша, таңертеңгілік жаттығу, таза ауадағы серуен, ұйқыдан кейінгі жаттығу, серуен, дене шынықтыру сауық кештері жоспарланып өткізілді. Педагогикалық, әкімшілік жиналыстар, әдістемелік кеңестер өткізіліп, хаттамасы толтырылып отырды. Озық педагогикалық тәжірибені тарату бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жүзеге асыру жағдайындағы инновациялық технологиялар» тақырыбындатәрбиеші А.Жолдыбаева өз тәжірибесін таратты.

Бақшаның оқу жылының негізгі бағыты пандемияға қарсы жұмыстар жүргізу болды. Балаларды физикалық-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша топ тәрбиешілеріне жоспар түзу қолға алынды. Таза ауада жаттығулар жасау, күннің екінші жартысында сауықтыру-шынықтыру шараларын (майтабанның алдын алуға арналған, көзге арналған жаттығулар, нүктелі массаждар) ұйымдастыру жүйелі жолға қойылды. Орта және ересектер топтары тәрбиеленушілерінің бойында 4К моделін қалыптастыру жұмыстары алға қойылды. Аталмыш күздіреттіліктерді қалыптастыруда ата-анамен педагогтар әлеуметтік желілер арқылы үнемі байланыста болды. Іс-әрекеттер педагогикалық, меңгеруші жанындағы, әдістемелік кеңесте талқыланып шешіміне сәйкес жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша «Қуыршаққа арналған кәмпіттер» Ш.Бахатаева «Дәрумендер әлеміне саяхат» М.Сербаева, «Шырша ойыншықтары» И.Спабекова, «Аквариум» А.Жолдыбаева, «Шығармашылық» саласы, музыка бөлімі бойынша «Жаздың кезі көңілді» А.Егембердиевалар озық ұйымдастырылған оқу қызметтері үлгіге алынды. Әдістемелік кеңес стандарт талаптарының орындалуын талқылап, балабақша директоры Р.Игенбекованың тарапынан бақылау мен басшылық жасалынып отырылды. Педагогтардың бір-бірімен әдіс алмасып отырылуы, құқықтық сауаттылығының артып отыруы назарға алынды. Әр мезгілге сәйкес сауықтыру шаралары, медбике тарапынан мезгілдік аурулардың алдын алу бойынша ата-аналарға кеңес, семинарлар өткізіліп отырылды.

2021-2022 оқу жылында бөбекжай балабақша жұмысын жаңа оқу жылына жоспарлы түрде кірісу күшін комиссия жасақталып, дайындықты бақылаудан бастады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласын одан әрі дамыту мақсатында, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысына сәйкес, оқыту мен тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру қолға алынды. Баланы толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі; баланың қажеттіліктері – ойынға, қимыл-қозғалысқа, таңдауға, өз өмірін бақылауға, пайдалы іс-әрекетке, жақын жылы қарым-қатынас жасауға, араласуға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, эксперименттерге, танымдық белсенділікке қажеттілік; дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта; қарым-қатынасты қолдау – ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасы, баланың дербестігін ынталандыруы, әр баланың жеке басын құрметтеуі, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетуі; т.б қажеттіліктерді толықтыру, дамыту мақсатында 2021-2022 оқу жылында төмендегідей жұмыстар атқарылды. Бөбекжай балабақшада әр жастағы топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуына жағдай жасалған. Барлық жабдықтар және ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Топтарды безендіру баланың эстетикалық, патриоттық дамуына әсерін тигізеді. Барлық жастағы топтарда жас ерекшеліктеріне сай үлгілер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық қолөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар. Топтарда музыкалық бұрыштар бар. Театрланған әрекеттер үшін түрлі жабдықтар (куыршақтар, театрлық костюмдер, шымылдық), театрдың бірнеше түрі (саусақ, үстел үсті және т.б.) бар. Педагогтармен әр ай сайын жоспарлы сюжетті-рөлдік қойылым көрсетіледі. Бұл балалардың адамгершілік құзыреттіліктерін дамытады. Экологиялық және тәжірибелік (экспериментальді) орталықтарда экологиялық мәдениетті дамытуға арналған көрнекі құралдар (альбомдар, сурет жинақтары, дидактикалық ойындар және т.б.) сияқты иллюстративті материалдар; көгалдандыру бұрыштары (үй өсімдіктері) бар. Орталықта өсімдікті өсіруге және оларға күтім жасауға арналған (бау-бақша, гүл өсіретін орындар) барлық жағдай жасалған. Балалардың қарапайым жеке ғылыми көзқарастарын дамытуға арналған материалдар және балаларға тәжірибе жасауға арналған құралдар бар. Бөбекжай балабақшаның әрбір жоғарғы топтарында балалардың танымдық дүниетанымын дамытуға арналған (мозайкалар, түрлі-түсті ойыншықтар және т.б.) дидактикалық ойындар (пазлдар, сурет жиынтықтары) әр түрлі сюжетті

ойын жиынтықтары және қуыршақтар мен әртүрлі пішіндегі жануарлар, ойыншық жиһаздар, ойыншық телефон сияқты және балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған «Дүкен», «Шаштараз», «Аурухана» және т.б. тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар. Серуен кезінде ойнауға арналған (шелек, күрек, түрлі пішіндер, қалақтар) ойыншықтары бар. Орталықтағы ойыншықтардың барлығы тақырыпқа сай орнатылған, әрбір бала өзіне ұнаған ойыншықты алып, басқа балаларға кедергі жасамайды. Әрбір топта осы бақшаның қызметкерлері дайындап жасаған (ой қабілетін, қол саусақтарын дамытуға) дидактикалық материалдар бар. Ересек жастағы балалардың құрастыру қызметін дамытуға арналған барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар ұсақ және ірі құрылыс материалдары (әр түрлі әдіспен құрастыратын фетрден, кәушіктен) түрлі құрастырғыштар, түрлі құрылыс схемалары, сызбалары, мозайкалар, бар. Бейнелеу өнеріне арналған табиғи материалдар бар. Сондай-ақ барлық топтарда (киіз үйдің макеттері, қазақтың ұлттық киімдегі қуыршақтары, жұмыс бұйымдары және т.б.) «Қазақтың ұлттық бұрышы» атты бұрыштар бар. Орталықтың басты мақсаты балаларды қазақ халқының мәдени құндылықтарына баулу және тәрбиелеу. Балалар қазақ халқының шығармашылығымен, салт-дәстүрімен танысады. Орталықтың дамыту саласы баланың жеке тұлғасын дамыту үшін барлық жағдайлар қамтамасыз етілген. Балалардың даму белсенділіктерін арттыру үшін орталық тәрбиешілері бақшаны материалдармен қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі. Сонымен қатар әрбір топта балалардың ойнау қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған ойын алаңдары бар. Топтағы ойнау бұрыштары сюжетті рөлге бөліну және дамыту ойыншықтарынан тұрады. Ортаңғыаралас топтағы «Үй», «Аурухана», «Шаштараз», «Балабақша», «Мектеп», «Кітапхана», «Супермаркет» сияқты сюжетті рөлге бөліну ойындарының барысында балалардың өздігімен рөлді бөлу, ересектермен бірігіп ойынға арналған құралдарды дайындау мәнері қалыптасып, сонымен қатар ойындарды ұйымдастыру белсенділігі артады. Ойнау барысында балалардың қоршаған орта туралы көзқарастары қалыптасып, тіл байлығы мен психикалық процесстері дамып, еңбексүйгіштік қасиетке бейімделіп тәрбиеленеді. Барлық материалдар балалардың жас ерекшеліктері мен психофизикалық ерекшеліктерін, санитарлы-гигиеналық талаптарын, психопедагогикалық шарттарын ескере отырып жасалып, жинақталатындықтан баланың интеллектуалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге себебін тигізеді. Балабақшаның барлық табиғи-кеңестік ортасы санитарлық тексеру мекемелерінің талаптарына сәйкес келеді. Бірігіп қызмет жасау үшін барлық жағдайлар толығымен жасалған. Жиһаздардың орналасуы, ойын жабдықтарының орналасуы қарастырылған. Сондай-ақ, ауыз су, жарық, жылу режимдері қадағаланады. Мектепке дейінгі балалардың толықтай физикалық дамуының маңызды міндеттерінің бірі балалардың мезгілімен тамақтануын дұрыс ұйымдастыру. Балабақшада төрт мезгілдік тамақтану бекітілген.

Тағамдардың барлық түрі нормаға сәйкес. Балабақшадағы тамақтандыруды ұйымдастыру мына шарттардың негізінде құрылады:

- рационның энергетикалық құндылықтары;
- рационның тағам құрамына байланысты, сәйкестігі;
- рационның түрлі құрамы;
- жоғарғы технологиялық және аспаздық өңдеу;
- балалардың жеке ерекшеліктерін ескерту.

Бөбекжай-бақшадағы дене-шынықтыру, денсаулық сақтау жұмыстары

- суыққа бейімдеу(жалаң аяқ жүру);
- өздігімен массаж жасау;
- психикалық аурулардың алдын алу шаралары;
- күні бойғы рационды қозғалу белсенділігі (дене шынықтыру, ойындар, таза ауада серуендеу)

4.Оқу-материалдық активтері «Нұрсая» бөбекжай -балабақшасының2018-2022 оқу жылдар аралығындағы материалдық—техникалық базасының сараптамасы

МКҚК«Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы 2011 жылдың қараша айынан бастап тіркелі, ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіліп, 2012 жылы мамыр айында іске қосылды.Балабақша 50-орындық, 2018-2022 жылдары аралығында балабақшада 2-топ жұмыс жасап келді. Әр топ 25 –балаға лайықталған.Ойын бөлмесі, жатын бөлме, қабылдау бөлмесі жұмыс жасап тұр. Балабақшда ас пісіретін орын, ас тарататын орын, медициналық кабинет /оқшаулау бөлмесі ішінде кірістірілген/, кір жуу орны, ойын алаңдары, жұмыс жасап тұр. Бала ойнайтын алаңның, топ бөлмелерінің санитарлық-гигиеналық талаптары, қауіпсіздігі қамтамасыз етілген. Аула көктем мезгілінде абаттандырылады. Балабақша ауласы, топ іші бейнебақылаумен қамтамасыз етілген. Аулада әжетхана бар. Топтарға қажет кезде қолданатын горшоктары бар. Балабақша қатты отынмен жылытылады. Салқын су, жылы сумен қамтамасыз етілген.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

- Директор кабинеті;
- Әдістемелік кабинет, психолог кабинеті;
- Медициналық кабинеті;

Оқытудың техникалық құралдары:

- Теледидар-2

-АКТ-1

Әдістемелік үдерісті техникалық жабдықтау:

-Компьютер-2

-Принтер-2

Материалдық техникалық базаны толықтыру «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасын дамыту бағдарламасына сәйкес жүргізілуде.

2018 жылы-3065,5 теңге

2019 жылы-2 400,1 теңге

2020 жылы-1 799,4 теңге

2021 жылы-1 332,0 теңге

2022 жылы-1025,0 теңге

Ата-аналар үшін топта «Денсаулық бұрышы», «Дәрісіз денсаулық» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш», «Ойыншықтар сөресі», «Табиғат бұрышы», білім салалары бойынша дамытушы орталықтар жасақталған.

5.МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандағы бойынша білімі бар педагогтардың болуы.

Кадрлық құрамды бекіту «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес, педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. «Нұрсая» бөбекжай балабақшасында 2021 жылы қыркүйек айында педагогикалық қызметті 8-педагог жүзеге асырды: Балабақша директоры, әдіскер, психолог, орыс тілі маманы, және 4-тәрбиеші.МДТО мамандығын талап ететін педагогтар (4-тәрбиеші, меңгеруші, әдіскер) саны-6, МДТО мамандығы бар педагогтардың саны-6.

Яғни барлығы МДТО мамандығымен жұмыс жасауда.Қорыта айтқанда, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бар педагогтердің үлесі 100% құрады.

6.Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау:

Балабақшада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар жоқ.

7.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы:

Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады.Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда барлық уақытына жүргізіліп отырды.Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар толтырып отырды.Баланың жеке даму картасының «Қорытынды»бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер баламенжеке түзету жұмысын жүргізіп, ол үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұны айқындалды.Баланы қолдау,оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау,жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру,балалар тобымен жұмысты белсендендіру жұмыстары орын алып отырды. Ересектер топ тәрбиеленушілерінің даму карталарының көшірмесі берілді.

8.«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», « Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны: ұқсас тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар, апталық циклограмма,балалардың біліктерімен дағдыларының даму деігейін бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады. Білім беру ұйымында білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру үшін АКТ-ны қолдану арқылы көрнекілік, сөздік, практикалық, дәстүрлі әдістер мен тәсілдер кеңінен қолданылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдыларымен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді.Заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалану балалардың қызығушылығын оятады. Мысалы, «Шығармашылық» білім беру бағыты бойынша балалардың шығармашылық әрекетін ұйымдастыру барысында белсенді әдістерді қолдануға болады. Атап айтсақ: миға шабуыл, диалог, топтық шығармашылық жұмыс, пазл, синквейн т.б.«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», « Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыруды анықтау мақсатында тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі бейнебаянға түсірлді. Тәрбиеші А.Жолдыбаеваның «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша өткен «Көңілді жаз. Көбелектер» тақырыбындағы АҰОҚ өз дәрежесінде өтті. ҰОҚ басырысында тәрбиеші монотипия, ойын технологияларын пайдаланды.

Нәтижесінде балалар көбелекпен танысты, ол туралы айта алады. Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы көбелектің суретін салуды біледі. Сонымен қатар, «Кәусар бұлақ» аралас тобында өтілген «Әлеумет» білім беру саласы «Қоршаған ортамен танысу» білім бөлімі бойынша «Күннің көзін бақылаймыз» атты АҰОҚ «Шығармашылық», «Таным», «Қатынас», білім беру салаларымен кіріктірілді. АҰОҚ барысында балаларға тосын сәт жасалды, тәрбиешінің жетекшілігімен ойналатын ойын ойнатылды. Бейнеролик карау арқылы балалардың танымдық қабілеттері дамыды. Сондай ақ И. Спабекованың «Таным» білім беру саласы бойынша «Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау» ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне «Құрастыру» және «Мүсіндеу» бөлімдері кіріктірілді. Оқу қызмет барысында АКТ технологиясын пайдалана отырып гүлдердің аттарын орыс және қазақ тілдерінде үйрене тілдерін жаттықтыра алды. Дамыту барысында гүлдерді қалай баптап күту керек екенін балаларға үйретті. Ш Бахатаеваның «Денсаулық» саласы бойынша «Еденде жатқан арқан үстімен түзу жүру» оқу қызмет барысында балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелей отырып, тепе теңдікті сақтау, заттардың атауларын дұрыс атауды үйрете білді. Балалардың оқу қызметіне деген қызығушылығын арттырды. «Қатынас» білім саласы бойынша «Түлкі мен тырна» тақырыптарында АҰОҚ өткізілді. Ш Бахатаеваның ұйымдастыруымен өткен оқу қызметінде балаларға шығарманың мағынасын тереңірек түсіндіріп, ертегі кейіпкерлерінің әрекетіне қарай адамгершілік қасиеттерді балалардың бойына құя білді. Саусақ театры арқылы өткен оқу қызметінде балаларрөлдік ойынды жақсы игеріп шықты. Өте қызықты өтті.

Тәрбиешілер ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып шығармашылық құзіреттілік танытты. Перспективалық жоспарға сәйкес, әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, әлеуметтік дағдыларымен өз бетінше үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған циклограмма құрылады. Циклограммада Санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібі сәтінің міндеттері, мазмұны және ұзақтығы анықталады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды. Бөбекжай балабақша әдіскері тәрбиешілердің циклограмманы уақыттылы құрастыруын бақылауды тиісті ұсыныстар мен ескертулер тексере отырып жүзеге асырылады. Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады. Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Педагогтар мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын саралап толтырады.

Тәрбиеленушілерді дамыту үшін ұйымдастырылған оқу қызметінде саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру

мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа аламыз. Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғанда ғана жүзеге асырылатынына көзімізжетті.

9.Білім білік дағдысын меңгеру бойынша мониторингінің, жеке даму карталарының болуы

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде бөбекжай-бақша педагогтарынан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын, үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, бақылау парағы мен баланың жеке даму картасын толтыру тәртібін білуі, мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін, баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдімстерін, бақылу, ойын жағдаяттарын құру ойын әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, өнімді әрекет түрлерін, мектепке дейінгі жастағы баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістерін, ақпараттық –коммуникациялық технологияларды игеру талап етіледі.

Педагогикалық талдау білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша балалардың құзыреттілік дамуының диагностикасы қорытынды жасауға мүкіндік береді. Әр баланың бағдарламалық материалды игеру деңгейі бақыланады. Тәрбиешілер мен педагог – психолог бір-бірімен байланыса отырып, жеке баланың даму мониторингін жүргізеді, жеке даму картасын түзеді. Диагностикуаны жүргізгенде сауалнама тапсырмалары, дидактикалық, сюжетті – рөлдік ойындар, ойын жағдайлар қолданылып, міндетті түрде көрнекі материалдар таратылады. Әдіскер А.Егембердиева біліктілікті игеру мониторингіні құрастырады, олар әдістемелік кеңесте талданды, құзыреттілік дамудың даму динамикасы, төмендеу себебі, жекелеген коррекция бойынша ұсыныстар анықталды. Диагностикуаның қорытындыларымен ата – аналар, педагогтар таныстырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген оқу жылында, 2019-2020 оқу жылында, 2020-2021 оқу жылында және 2021-2022 оқу жылдарындағы мониторингі бойынша САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ:

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдылардың маңызы зор. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге педагог тарапынан қамқорлықпен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүміндік береді. Педагог баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін бақылау парағына енгізді. Бақылау парағында алынған

мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылды. Мониторинг нәтижелері келесі білім беру міндеттерін шешу үшін қолданылды; баланы қолдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшеліктерін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау (жеке тұлғалық бағыт)

**2019-2020 оқу жылында МКҚК" Нұрсая" бөбекжай балабақшасы балаларының Үлгілік оқу бағдарламасы
мазмұнын игеруі бойынша бастапқы даму мониторингінің нәтижелері**

Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		ІІ-кіші «Күншуақ» тобы (3 жастан бастап)		«Кәусар бұлақ» ортаңғы тобы (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
		1/15	7/46,6%	1/9	5/55,5%	1/7	4/57,1%	1/18	10/55,6%				

Үлгілік оқу бағдарламасымазмұнын игеруі бойынша аралық даму мониторингінің нәтижелері

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		ІІ-кіші «Күншуақ» тобы (3 жастан бастап)		«Кәусар бұлақ» ортаңғы тобы (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
		1/15	9/59,9%	1/9	8/88,9%	1/7	5/71,4%	1/18	12/66,7%				

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша қорытынды даму мониторингінің нәтижелері

Р/с №	Дағдыла р тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		II-кіші «Күншуақ» тобы (3 жастан бастап)		«Кәусар бұлақ» ортаңғы тобы (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балаларды ң саны*	Дағдылард ы игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балаларды ң саны*	Дағдылард ы игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балаларды ң саны*	Дағдылард ы игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балаларды ң саны*	Дағдылард ы игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балаларды ң саны*	Дағдылард ы игерген балалар саны %*	Барлы ғы топтар саны/ балаларды ң саны*	Барлығ ы дағды ларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
		1/15	11/73,3%	1/9	9/100%	1/27	21/77.7%	1/28	20/71.4%				

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-
балабақшасының директоры: Р.Игенбекова**

2019-2020 оқу жылында МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасында екі топ топта мониторинг жүргізілген. «Күншуақ» аралас тобы, «Кәусар бұлақ» аралас тобы. «Күншуақ» тобында 1-3 жас аралығындағы балалар тәрбиеленеді. Мониторинг балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, 1-2 жас аралығындағы 15-балаға, сондай-ақ, 2-3 жас аралығындағы 9-балаға жүргізілген. Мониторинг нәтижесінде барлық баланың жеке даму карталары толтырылған. Жеке даму карталарындағы жазбаларға сәйкес, баланы дамыту, физикалық жетілдіру бойынша әдіскер, психологтан тәрбиешілерге арнайы тапсырмалар берілген.

Аталмыш топтағы 1-3 жас аралығындағы 15- балаға жасалған мониторинг нәтижесі төмендегі көрсеткішпен бағаланған. «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» білім салалары бойынша әдістемелік нұсқаулықта берілген критериилер бойынша бастапқы бақылауда білім-білік мазмұнын меңгерген балалар үлесі- 46,6% пайызды құрады. Бір топтағы 15 – бала үшін әрине бұл жоғары көрсеткіш емес еді. Балалардың даму күзиреттіліктерін көтеру мақсатында әдістемелік кеңесте «1-2 жастағы баланың дамуы» тақырыбында теориялық семинар өткізілген. Семинар шешімінде топ тәрбиешілеріне арнайы тапсырмалар берілген. Топ тәрбиешілері М.Сербаева мен М.Қылшынбетова мектеп жасына дейінгі балалардың дене қимылдарын дамыту жұмыстары жүргізілді. Денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларының қызығушылығын қалыптастыру мақсатында түрлі ойын-жаттығулар картатекасын түзіп, балалармен жұмыс жүргізді. Жыл басында топқа келген бала оқу жылының соңында белсенділік әрекетін дамытып анағұрлым қызығушылығының артатындығын тәжірбиемізден көріп келеміз. Нәтижесінде аралық бақылауда Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерген балалардың үлесі 59,9% пайызды көрсетсе, қорытынды бақылауда топтағы 15-баланың 11-і дұрыс нәтиже көрсетіп, 73,3% -ды құрады. Оқу жылының соңында балалар тәрбиешінің нұсқаулығымен мәдени-гигиеналық шараларды орындауды білді. Жас ерекшеліктеріне сәйкес түстерді ажыратты. Ойыншықтарды атауды үйренді. Өз қажеттіліктерін тәрбиешіге жеткізе біледі. Үлкендердің қимыл-әрекетін қайталайды.

Аталмыш топта 2-3 жас аралығындағы 9- бала бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. Бастапқы бақылау 55,5% пайыздық көрсеткішке тоқталды. Тәрбиешілерге төмен деңгейдегі Ә.Ерсұлтан, А.Княз. Т.Алғабек. А.Алейдар сынды балалармен жеке жұмыс жүргізу тапсырылды. Тәрбиеші М.Сербаева аталған балаларға сурет қиындыларынан бүтін суретті құрастырту, мнемокестені пайдаланып, түрлі тақырыпта тақпақтар жаттату, суретке қарап әңгіме құрату әдістерін пайдаланды. Психологпен бірлесіп, баланың тілін, психо-физиологиялық жығынан дамыту шараларын жүргізді. 2019-2020 оқу жылында топтағы 2-3 жас аралығындағы балалардың білім –білік мазмұнын меңгеру нәтижесі аралық бақылауда 88,9%-ды құраса, қорытынды бақылауда 100%-көрсетті.

«Кәусар бұлақ» аралас тобында 3-5 жас аралығындағы балалар тәрбиеленді. 3-4 жас аралығында 7-бала бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. Аталмыш топта 4-5 жас аралығындағы 18-бала бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. 3-4 жас аралығындағы балаларды бақылау көрсеткіші бастапқыда -57,1 % , аралықта -71,4, қорытынды бақылауда білім-білік мазмұнын меңгерген балалардың үлесі-100% құрады.

Мұнда топ тәрбиешілері Ә.Жарқынбай, Б.Жолдыбек, А.Боранқұл сынды балалармен жеке жұмыстар жүргізді. Нәтижесінде балалар педагогтың көрсетуімен спорттық ойындардың элементтерін орындай алады. Оқу қызметі барысында күннің барлық мезгілінде сөйлеудің дыбыстың мәдениетін қалыптастыра отырып, тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін жетілдіруде, тәрбиеленушілердің сөздік қорын, сөз мағынасын толық түсінуі және жеткізе білуіне ықпал етті. "Денсаулық" білім беру саласының базалық мазмұнын меңгерту дене шынықтыру ұйымдастырылған ойын қызметінде іске асырылды. Жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыруда тәрбиешілер «денсаулық сақтау технологиясын» қолданды. Бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулыды. Спорттық ойындар, жарыстар өту арқылы баланың қызығушылығын арттырды. Баланың тілін дамытуда жеке даму картасын толтырып жоспарлы түрде жүзеге асты. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуге, ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту, заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйретуді жалғастырды.

Аталмыш топтың 4-5 жас аралығындағы 18-баланың бастапқы бақылауда 10-ы білім-білік мазмұнын меңгерді делініп, 55,6%-ды көрсетсе, аралық бақылауда -12- тәрбиеленуші жақсы нәтиже көрсетіп, 66,7%-ды көрсетті. Тәрбиешілергі білім мазмұнын көтеру мақсатында жеке жоспар құрып, балалармен жұмыс жүргізу тапсырылды. Қорытынды нәтиже жоғары деңгейге тәрбиеленушілер А.Болат, К.Асылхан, Г.Әбдіраш сынды балаларды ілгерілеушілік байқалды. Көрсеткіш 77,8% -ды құрады. Аралық бақылаумен қорытынды бақылауды салыстырғанда 11,1% -ға көтерілген. Топ тәрбиешісі А.Жолдыбаева «Денсаулық» білім саласы бойынша баланың жеке даму картасы жүргізді. Жалпы дамытушы жаттығуларды пайдаланып, баланы ұқыптылыққа үйретуді қолға алды. Мысалы: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақпен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұғу т.б. Баланың сөйлеуін дамыту мақсатында, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйретуді

жалғастырды. Табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру;

Танымдық қабілеттерін дамытуда командада жұмыс істей білуге үйретуді, сенсорлық қабілеттерін, алғашқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін дамыту, табиғатта өзін ұстай білудің қарапайым ережелерімен таныстыру, эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой - өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу, сыни ойлау дағдыларына тәрбиелеуді жалғастырды.

**2020-2021 оқу жылында МКҚК" Нұрсая" бөбекжай балабақшасы балаларының Үлгілік оқу бағдарламасы
мазмұнын игеруі бойынша бастанқы даму мониторингінің нәтижелері**

Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

Р/с №	Дағды- лар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Ортаңғы «Кәусар бұлақ» тобы (3 жастан бастап)		Ересек «Кәусар бұлақ» тобы жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлы ғы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағды ларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
		1/12	7/58,3%	1/13	8/61,5%	1/17	10/58,8%	1/8	6/75%				

Үлгілік оқу бағдарламасымазмұнын игеруі бойынша аралық даму мониторингінің нәтижелері

Р/с №	Дағды- лар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Ортаңғы «Кәусар бұлақ» тобы (3 жастан бастап)		Ересек «Кәусар бұлақ » тобы жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлы ғы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағды ларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
		1/12	9/75%	1/13	8/61,5%	1/17	11/64,7%	1/8	8/100%				

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша қорытынды даму мониторингінің нәтижелері

Р/с №	Дағды лар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Ортаңғы «Кәусар бұлақ» тобы (3 жастан бастап)		Ересек «Кәусар бұлақ » тобы жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлы ғы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағды ларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
		1/12	10/83,3%	1/13	13/100%	1/17	13/76,4%	1/8	8/100%				

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-
балабақшасының директоры: Р.Игенбекова**

2020-2021 оқу жылында МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасында 2-топта балалар тәрбиеленді:

1-сі «Күншуақ» аралас тобы 1-3 жас аралығындағы балалар, 2-сі «Кәусар бұлақ» аралас тобы 3-5 жас аралығындағы балалар. Оқу жылында жас ерекшеліктеріне қарай балалардың дамуын, дағдылар мен іскерліктерді меңгеруін қадағалау мақсатында 1-2 жас, 2-3 жас, 3-4 жас, 4-5 жас аралығындағы балаларға мониторинг жүргізілді. Баланы бақылау-әңгімелесулер, эксперттік бағалаулар, тесттік емес типтегі әдістемелер, көрсеткішті анықтауға бағытталған тесттер, скрининг тесттер т.б мониторинг түрлері арқылы жүзеге асты.

«Күншуақ» аралас тобының 1-2 жас аралығындағы 12- тәрбиеленуші бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» білім салалары бойынша білім –білік мазмұнын меңгеру нәтижесі сараланды. Балалардың білім беру бағдарламасын меңгерудегі нәтижелері мына төмендегі көрсеткішті көрсетті: Бастапқы бақылау-58,3%, аралық бақылау-75%, қорытынды бақылау-83,3% бен жоғарылағандығы көрінді. Топ тәрбиешісі Ш.Бахатаевамен М.Сербаева топтағы балаларды табиғат құбылыстары, адамдардың өмірі туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға арналған жағдайлармен қамтамасыз етуді, қоршаған орта туралы білімін кеңейту және байыту; сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру, тірі және өлі табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, жануарлар әлеміне қамқор қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, бейнелі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту. Балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру. Өнімді әрекеттерге қызығушылықтарын ояту, балалардың байқампаздығын дамыту, көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту, қоршаған орта туралы түсініктерін және сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру үшін, әр баламен жеке жұмыстар жүргізді. «Ойын» технологиясын пайдалану 1-2 жастағы баланы дамытудың басты әдісі.

Аталмыш топтағы 2-3 жастағы 13- бала бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. Бастапқы бақылауда І-деңгейдегі балалардың үлесі-38,4%, орта деңгейдегі балалардың үлесі- 46,1%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-15,3% ды құраса, аралық бақылауда-І-деңгейдегі балалардың үлесі-23%, орта деңгейдегі балалардың үлесі- 53,8%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-15,3% ды, қорытынды бақылауда І-деңгейдегі балалардың үлесі-0%, орта деңгейдегі балалардың үлесі- 69,2%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-30,8% ды құрап, білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгерген балалардың үлесі 100% құрады.

«Кәусар бұлақ» аралас тобының 3-4 жас аралығындағы 17 –баланың бастапқы бақылауда 8-і төмен деңгейді көрсетсе, 6-ы орта деңгейді, 3-і жоғары деңгейді көрсетіп, білім бағдарламасының мазмұнын игеру нәтижесі 52,9% -ды құрады. Аралық бақылауда 6-ы төмен деңгейді көрсетсе, 7-ы орта деңгейді, 4-і жоғары

деңгейді көрсетіп, білім бағдарламасының мазмұнын игеру нәтижесі 64,7% -ды құрады. Қорытынды бақылауда 4-ы төмен деңгейді көрсетсе, 8-ы орта деңгейді, 5-і жоғары деңгейді көрсетіп, білім бағдарламасының мазмұнын игеру нәтижесі 76,5% -ды құрады. Топтәрбиешісі А.Жолдыбаеваның оқу қызметіндегі тақырыптарда ауыз екі талдау жасауды,өзінің пікірін жеткізуге сөз мағынасын толықтүсінуіне және жеткізе білуіне тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жасауды ұйымдастырып, күннің II-жартысында саусақ жаттығуларын үйретіп,осы жұмыс арқылы ұсақ моторикасын жетілдіру,сөздік қорын молайтуда жұмыстар атқарылды.

«Кәусар бұлақ» аралас тобының 4-5 жастағы 8-бала бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. Ересек топ балаларының үйренген іскерліктері және өзара байланыстарды меңгеруі мен пайдалануы қадағаланды. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай даму процесі тұрақты жүріп жатты. Бастапқы бақылауда төмен деңгейдегі балалардың үлесі-25%, орта деңгейдегі балалардың үлесі-37,5%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-37,5% ды құрады. Аралық бақылауда -төмен деңгейдегі балалардың үлесі-0%, орта деңгейдегі балалардың үлесі-62,5%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-37,5% ды құрады. Қорытынды бақылауда төмен деңгейдегі балалардың үлесі-0%, орта деңгейдегі балалардың үлесі-50%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-50% ды құрады. Білім беру мазмұнын меңгеру нәтижесі оқу жылының соңында қорытынды бақылауда 100%-ға жетті. Топ тәрбиешісі И.Спабекова нәтижеге жету барысында «Әлеумет» білім беру саласы бойынша баланың өз айналасындағылармен еркін қарым-қатынас жасауларына жағдайлар жасалып, жеке мінез-құлықтарының жүйелі түрде қалыптасуына біршама жұмыстар атқарылды. Балалардың жан-жақты сауаттылығын қамтамасыз ету үшін: тренингтер, релаксациялар,қиял жаттығулары, тілек шоқтары, қарым-қатынас барысында мейлінше қарапайым болу ерекшеліктерін қалыптастыру орын алды. оқу жылында балабақшаның жылдық жоспарына «Ойын арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру» проблемалық тақырыпты ала отырып, осы оқу жылына жылдық міндеттер қойылды. Ақпан айында «Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту» тәжірибелік семинар өткізілді. Сәуір айында ата-аналардың көмегімен «Ертегі тыңдай білейік!» атты сахналық қйылымдар өтті. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша баланың өз айналасындағылармен еркін қарым-қатынас жасауларына жағдайлар жасалып, жеке мінез-құлықтарының жүйелі түрде қалыптасуына біршама жұмыстар атқарылды. «Таным» білім саласы бойынша балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар мүмкіншіліктер жасауды арттыру түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдары қарастырған. Балалардың «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім салалары бойынша бастапқы бақылаудан қорытынды бақылауда білім-білік мазмұнын меңгеру көрсеткіші жоғары нәтижеге жеткен.

Топ тәрбиешілері И.Спабекова мен А.Жолдыбаева 3-4-5 жастағы балалардың дене қимылдарын дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізді. Денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларының қызығушылығын қалыптастыру мақсатында жеке даму кртасында жоспарланғандай жұмыстар жүргізді. 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды танып және атай білуге үйрету. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру. Тең туралы ұғымдарын қалыптастыру, топтағы әр түрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету, топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылауды үйретуді жалғастырды. Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті қалыптастыру, бұл бөліктерді атап, бүтін мен бөліктерді салыстыруға үйретуді жалғастырды. Шығармашылық дағдыны қалыптастыруда балалар қорытынды бағалауда гүлдер, көкөністер, жемістерді шынайы бейнесінен және елестетуі бойынша суреттерін салды, суретті салуда мәнерлеу құралдарын, қазақтың ою-өрнек элементтерін қолданады, сюжетті суреттерді салды.

**2021-2022 оқу жылында МКҚК" Нұрсая" бөбекжай балабақшасы балаларының Үлгілік оқу бағдарламасы
мазмұнын игеруі бойынша бастанқы даму мониторингінің нәтижелері**

Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

Р/с №	Дағды лар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Ортаңғы «Кәусар бұлақ» тобы (3 жастан бастап)		Ересек «Кәусар бұлақ»тобы (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлы ғы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағды ларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
		1/8	6/75%	1/19	11/57,8%	1/11	6/54,5%	1/14	8/57,1%				

Үлгілік оқу бағдарламасымазмұнын игеруі бойынша аралық даму мониторингінің нәтижелері

Р/с №	Дағды лар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Ортаңғы «Кәусар бұлақ» тобы (3 жастан бастап)		Ересек «Кәусар бұлақ»тобы (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлы ғы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағды ларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
		1/8	7/87,5%	1/19	13/68,4%	1/11	8/72,7%	1/14	10/71,4%				

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша қорытынды даму мониторингінің нәтижелері

Р/с №	Дағды лар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Ортаңғы «Кәусар бұлақ» тобы (3 жастан бастап)		Ересек «Кәусар бұлақ»тобы (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлы ғы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағды ларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
		1/8	8/100%	1/19	16/84,2%	1/11	8/72,7%	1/14	11/78,5%				

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-
балабақшасының директоры: Р.Игенбекова**

2021-2022 оқу жылында МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасында 2-топ жұмыс жасады. «Күншуақ» аралас тобында 1-3 жас аралығындағы балалар тәрбиеленсе, «Кәусар бұлақ» аралас тобында 3-5 жас аралығындағы балалар болды. Мониторинг жас ерекшеліктеріне сәйкес 1-2 жас, 2-3 жас, 3-4 жас, 4-5 жас аралығындағы балаларға жеке жүргізілді. Бағалау критерийлеріне сәйкес, балалардың білім-білік мазмұнын меңгеру нәтижелеріне қарай, жеке даму карталары толтырылып, әр баланың даму көрсеткіші сараланды.

2021-2022 оқу жылында 1-2 жас аралығында 8- бала бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. Бастапқы бақылауда І-деңгейде 2-тәрбиеленуші, ІІ-деңгейде 5-тәрбиеленуші, ІІІ-деңгейде 1-тәрбиеленуші көрсеткішін көрсетті. Білім-білік мазмұнын игерген балалардың үлесі 80% ды құрады. Топтағы төмен деңгейдегі А.Несіпбай мен Ә.Мұратбайлармен жеке жұмыс жүргізілді. Аралық бақылауда білім-білік мазмұнын меңгерген балалардың үлесі 87,5% -ға жетті. Топ тәрбиешісі Ш.Бахатаева мен М.Сербаева жыл бойына денсаулықты сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың толыққанды денесін және психикасын дамытатын, ағзаны шынықтыратын, негізгі қимылдарды дамытатын жағдайлармен қамтамасыз етті. Баланы жуынудың қарапайым дағдыларына, киінуге, шешінуге және түбекке сұрануға үйретті. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеп, бетінің, қолының, мұрнының ластығын байқауға, оларды жууға, сүртуге, дымқыл киімін шешуге үйретті. Баланың ауыртпалықсыз және уақытылы әлеуметтенуі, жалпы қабылданған қарым-қатынас нормаларына, құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу, тыңдау мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды дамыту, тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету тәрбиешілердің басты міндеті болды. Нәтижесінде қорытынды бақылауда білім мазмұнын меңгерген балалардың үлесі 100%-жетіп, жоғары көрсеткішке ие болды.

«Күншуақ» кіші жас тобында 19-бала бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. Бастапқы бақылауда «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» білім салаларының бақылау критерийлеріне сәйкес 19-балаға индикатор жасалынды. Бағалау индикаторлының нәтижесіне сәйкес, балалардың даму көрсеткіштері сараланды. 2021-2022 оқу жылындағы топ балаларының мониторингісі мына төмендегідей көрсетті: Бастапқы- төмен деңгейдегі балалардың үлесі -42,1%, орта деңгейдегі балалардың үлесі-31,6%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-26,3% пайызды көрсетсе, аралық бақылауда төмен деңгейдегі балалардың үлесі -31,5%, орта деңгейдегі балалардың үлесі-36,8%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-31,5% пайызды, қорытынды бақылауда-төмен деңгейдегі балалардың үлесі -15,8%, орта деңгейдегі балалардың үлесі-52,7%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-31,5% пайызға жоғарылады. Бұл жерде де пайыздық көрсеткіштің жоғарылағаны көрінді. Бақылау барысында топ тәрбиешілері М.Сербаева балалармен топтық жұмысты көптеп ұйымдастыру, алақанның ұсақ моторикасын дамытуда материалдар мен ресурстар дайындау тапсырылды. Төмен деңгейдегі балалар Н.Тұрсынбек, Қ.Рахматула, А.Несіпбайларды сурет салуға, топта белсенді болуға жетелу назарға алынды.

«Кәусар бұлақ» аралас тобында 3-4 жас аралығындағы 11 –бала бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. Бастапқы бақылауда төмен деңгейдегі балалардың үлесі -45,4%, орта деңгейдегі балалардың үлесі-36,4%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-18,2% пайызды көрсетсе, аралық бақылауда төмен деңгейдегі балалардың үлесі -27,3%, орта деңгейдегі балалардың үлесі-45,4%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-27,3% пайызды, қорытынды бақылауда-төмен деңгейдегі балалардың үлесі -27,2%, орта деңгейдегі балалардың үлесі-36,4%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-36,4% пайызға жоғарылады. Білім –білік мазмұнын игерген балалардың бастапқы үлесі-54,5%-ды құраса, қорытынды бақылауда 72,7%-ға көтерілді. № 5 педагогикалық кеңесте 3-4 жас аралығындағы балалардың қорытынды нәтижесі жоғары деңгейді көрсетпегені айтылды. Топ тәрбиешісі И.Спабекова балалардың денсаулығын нығайтуда жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыруды мақсат тұтты. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күн сайын таза ауада болуын қамтамасыз етуді, мәдени-гигиеналық шараларды орындау, ересектердің көмегімен шынығу тәсілдерін орындауды қалыптастыруды негізге алды.Топ балаларының сөйлеуін дамытуда суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу,шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау,ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану, ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу,кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыруды жалғастырды.Сөз және сөз ұяқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа, назар аударуға тәрбиелеу, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын оятуды негізге алды.Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастырды. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету, шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйретуді негізге алды.Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыруды жалғастырды.

«Кәусар бұлақ»аралас тобының 4-5 жас аралығындағы 14- тәрбиеленуші бастапқы, аралық, қорытынды бақылауға қатысты. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім салаларының бағалау өлшемшарттары бойынша бақыланды. Білім саласы бойынша көрсеткіші: бастапқы бақылау жиынтығы-57,1% ды құраса, аралық-71,4% ды, қорытынды бақылауда-78,5% -дықұрады.Төмен деңгейдегі балалардың үлесі-өорытынды бақылауда-21,5%-құрағаны назарға алынды. Топтағы А.Жүнісбек, А.Боранқұл, А.Алейдарлармен жеке жұмыс жүргізу жоспары түзілді. Жеке даму жоспарлары балабақша әдіскері мен психологі және тәрбиешісімен бірлесіп құрылды.Топ тәрбиешісі А.Жолдыбаева топтағы жоғары деңгейдегі

тәрбиеленушілер Ә.Жарқынбай,Е.Бақыт, С.Асубай, А.Жұлдызбек, А.Оңласбек сынды балаларды шығармашылыққа баулу, зияткерлік конкурстарға қатыстыру жоспарға алынды. Ересек топ балаларының білім-білік мазмұнын қалыптастыруда топ тәрбиешісі «Денсаулық» білім саласының дағдыларын қалыптастырудатепе-теңдікті сақтау, сызықтар арасымен (15 см арақашықтық), сызықпен, арқанмен, тақтаймен, гимнастикалық орындықпен, бөренемен жүруді үйретуді жалғастырды. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу, тепе-теңдікті сақтау, қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру, қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру, қолын беліне қойып, екі жаққа айнаруды үйретті. Ойлы-қырлы тақтаймен жүру, көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру. Еденнен 20–25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан, қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өтуді қалыптастырды. Сөйлеуін дамытуда тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту, заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру, ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамытуды негізге алды.Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыруды дамытуды қолға алды. Балалардың шығармашылық джағдысын қалыптастыруда топ тәрбиешілері қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту. Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру, қазақ оюларының кейбір элементтерін салуды меңгертуді жалғастырды. Элементтердің реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастырды.

(Бағаланатын кезеңге 2019-2022 жылдар аралығындағы тәрбиеленушілердің даму мониторингісі мен жеке даму карталарының көшірмелері ұсынылды.)

10.Ата-аналармен жұмыстың негізгі бағыттары, ата-аналардың білім беру қызметінің сапасына қанағаттануын талдау

Бөбекжай балабақшада ата-аналар жұмысы мына төмендегідей бағытта жүзеге асады;

-Ұйымдастырушылық (ата-аналарды бөбекжай-бақшаның оқу-тәрбие процесіне тарту; педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің және басқа да ата-аналар бірлестіктерінің жұмысына қатысу, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі)

-ақпараттық-ағартушылық (ата-аналарға балабақша туралы ақпарат пен бөбекжай-бақшаның қызметін реттейтін құжаттаманы беру; ата-аналар тобымен жұмысты ұйымдастыру; жеке педагогикалық көмек;)

-Ұйымдастырушылық –педагогикалық (ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен іс-шараға тарту, бос уақытта, сауықтыру шараларына қатысу, балабақшаға мүмкін болатын көмек көрсету)

-ата-аналардың әлеуметтік карталарын әзірлеу т.б

2021-2022 оқу жылында ата-аналардың білім мазмұнына белсенді араласу, қатысу, талдау жұмыстарына тарту мақсатында ата-аналардан сауалнама алынды. Алынған нәтижелерге зерттеу жүргізілді. Мақсаты: оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау, бөбекжай-бақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау. Алынған мәліметтерді талдау мынаны көрсетті:

Топтары	Білім салалары	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
«Кәусар бұлақ» аралас тобының 4-5 жас аралығындағы балалар ата-аналары-25	«Денсаулық»	0	0	12%	80%	8%
	«Қатынас»	0	0	16%	72%	12%
	«Таным»	0	0	20%	40%	40%
	«Шығармашылық»	0	0	20%	40%	40%
	«Әлеумет»	0	0	12%	48%	40%

Ата-аналардың білім беру мекемесі мен педагогтардың жұмысына қанағаттану коэффициенті 98% құрады. Ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы алынған ақпарат әкімшілік пен тәрбиешілерге келесі оқу жылына жұмысты жоспарлау кезінде балабақша мен отбасының тиімді өзара әрекеттесуін құру үшін ата-аналардың сұранысына тілектерін қарастыруға және ескеруге мүмкіндік береді.

11.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары деңгейіне қойылатын талаптар

«Нұрсая» бөбекжай-балабақшасында тәрбиеленушілердің денсаулығын, психикасын, қызығушылықтарын қорғау мақсатында базистік оқу жоспарымен қамтамасыз етілген оқу жүктемесінің барынша мөлшері сақталады.Базистік оқу жоспарының сағат саны мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарына сай жоспарланған.Ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі баланың жас ерекшеліктеріне денсаулық мүмкіндіктері есебінен құрылған және бөбекжай-бақшадағы балалардың күнделікті өмірде өзара байланысын қамтамасыз етеді.«Нұрсая» бөбекжай балабақшасы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартына және балаларды

тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық –педагогикалық негізіне қойылған талаптарға сай.

12.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру:

Барлық топтарда-«Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады.Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып,дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру,жалпы дамытушы жаттығуларды,қимылды ойындарды,шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайтуда бөбекжай балабақша педагогтары мен тәрбиешілері жұмыс атқаруда.Топ тәрбиешілері балаларды ересектермен дене жаттығуларын орындауды үйретіп,негізгі қимыл түрлерін игеруге,спорттық жаттығуларды орындауды- таңертеңгілік жаттығуларда,дене тәрбиесі оқу қызметінде жаттықтырды. Салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруда тәрбиешілер күнделікті өмірден алынған әңгімелер,ситуацияларды қолданады. Бөбекжай-бақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. «Денсаулық» білім саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі.Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді:күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық үйлесімділікті дамыту. Денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларының қызығушылығын қалыптастыру болғандықтан әркезеңде өсу деңгейі байқалады. Оқу жылында балалардың қозғалыс қызметіндегі қызығушылықтарын спорттық-сауықтыру белсенділіктерін қалыптастыру болғандықтан тәрбиешілер осы бағытта атқарған жұмыстары оң нәтиже берді:Негізгі қимыл түрлерінің дағдыларын,мәдени гигиеналық дағдыларын,салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Жыл соңында тәрбиеленушілер дене жаттығуларын орындай алады, бір-бірден жүріп,шашырап, шеңберге қайта тұрады,саптағы өз орнын табады. Жаттығулардың орындалу ретін сақтайды. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытады.

«Кәусар бұлақ» топ тәрбиешілері бұл салада «Спорт-сенің серігің» тақырыптық оқу қызметін өткізіп, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, меңгерулеріне жеңіл әрі тиімді болатын ойындар ұйымдастырып,шынықтырудың түрлі әдістерін пайдаланды. Мысалы: нүктелі массаж, ояну гимнастикасы, релаксация жаттығуларын жасатып балалардың жеке гигиенасын қалыптастыруды назардан тыс қалдырған жоқ. «Қатынас»

білім беру саласы сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Тілдік қарым – қатынас дағдыларын, сөздік қорын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылығын қалыптастыру. Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу арқылы жүзеге асырылады. Балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологиялардың элементтерін мүмкіндігінше пайдаланып, тәрбиеленушілердің логикалық ойларын дамыту, мнемокесте арқылы әңгіме құрауға дағдыландыру шығармашылық дағдыларын, эстетикалық талғамдарын дамытып, қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Тәрбиешілер И. Спабекова, М. Сербаевалар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында Монтессори технологиясының элементтерін мүмкіндігінше қолданды. Жас ерекшеліктеріне сәйкес «БТТШ» /ТРИЗ/ технологиясының элементтерін пайдалануды жалғастырды. Ашық көрсетілімдерде топтастыру әдісін пайдалана отырып, орталықтарға бөліп, балалардың өздері орындай алатын тапсырмалар беру арқылы дамыта оқытудың нәтижелі болуына жаңаша қарым-қатынас орната білді. Тыңдалым және айтылым дағдыларын игерген, қысқа тақпақтарды өлеңдерді жатқа біледі, саусақтар жаттығулары да бұл салаға көп көмегін тигізеді. «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны сенсорика, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту. Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру, түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту, қарапайым құрылыстарды құрастыра білуге үйрету, табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. «Таным» білім саласы бойынша балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар мүмкіншіліктер жасауды арттыру үшін, түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту, қоршаған табиғаттың сұлулығын серуен арқылы, өлеңдер, ән тыңдау арқылы үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдарын қарастырдық.

Күннің екінші жартысында, ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балалар суреттен жануарларды тауып атайды, олардың сипаттық ерекшеліктерін атауға үйренген, құрылыс материалдарының қасиеттері туралы түсініктерді игерту және құрылыс материалдарын пішіні, көлемі бойынша топтастыра алуға үйренді. Табиғаттың маусымдық өзгерістерін атай алады. «Қызықты математика» құралдарын, атрибуттарын пайдалана отырып қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, өз ойы бойынша құрылыстарды жасауға, оларды мазмұн бойынша біріктіруге және олармен ойнауға ынталандырады. Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін, табиғатта өзін ұстау туралы ережелерді және қарапайым өзара байланыстар туралы білімдерін байыту, табиғатқа сүйіспеншілікпен және ұқыпты қарауға баулу. «Таным» білім саласы бойынша бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдарын қарастырып, таным қызметінің дағдыларын жақсартуда – балалардың зейінін, жадын, қабылдауын, көлемді, үлкендікті, түсті ажырата білуде ашық оқу қызметі өтіліп, балабақша әдіскері А. Егембердиева педагогтар арасында

«Оқу процесінде жаңа технологияларды тиімді қолдану» тақырыбында семинар-практикум өткізіліп, кеңестер берілді.

«Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыруда, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетін дамыту. Бейнелеу өнеріне, музыкаға ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға, шығармашылық қызығушылықты қалыптастыруда топ тәрбиешілері әр сала бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, сурет салу қызметінің дәстүрлі емес әдістері /бастыру, алақан, саусақпен сурет салу/ бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, мнемокестелер кеңінен қолданылды. Қағазбен, қарындашпен, қылқаламмен, бояулармен, сазбалшықпен жұмыс жасауға дағдыланған, желімсіз жапсыру техникасын жетілдіру жұмыстарын, бейнелерді қағаз парағына толық орналастыруды, әр түрлі пішіндерді бейнелеуге үйрету арқылы тәрбиеленушілерді қызығушылығы арттырылады. Балаларды музыкалық шығармашылыққа, жақсыны сезінуге тәрбиелеу халық әндерін «Бесік жырын» «Тәй-тәй, балапан», «Қошақаным» «Айгөлек» т.б әндерді тыңдату арқылы да жүргізіледі. Жыл аяғында қағаз бетіне геометриялық пішіндерден қарапайым пішіндер /машина, үй, қар адамын құрастырады және орналастырады. Музыкалық шығармалардың (баяу және көңілді) әндер ажыратады, ән мағынасын түсінеді, музыкасы сипатына сәйкес қозғалады. Музыкалық аспаптарды атайды, ересектермен бірге ән айтуға ынта білдіреді. Мүсіндеу кезінде техникалық дағдыларды біледі және қолдана алады. Саз балшықпен қарапайым әдістерін меңгерген. Қағаз бетіне штрихтар мен бояулар, жақпалар сызықтар салады, қағаз бетін бағдарлай алады. Түрлі түсті қарындаштармен, гуашьтың төрт түсімен сурет салуды біледі.

Жыл соңында тәрбиеленушілер заттық ұғымдарды салыстыра біледі, геометриялық пішіндерді біледі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алады, қарапайым құрылыстарды құрастыра алады. Туған өлкенің кейбір өсімдіктерін біледі, жануарлар мен олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атайды және ажыратады. Табиғатта өзін ұстай білу ережелерін түсінеді. «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын дамыту, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлау мен қиялдауын дамыту, көзбен қол үйлесімін дамыту, қарапайым заттарды, құбылыстарды, ертегі кейіпкерлерінің пішінін, түстерін, бөліктердің орналасуын бере отырып бейнелеу біліктері мен дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Өнер туындыларымен, ойыншықтарымен, қазақ және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер туындыларымен таныстыруды оқу қызмет барысында жалғастырады. Жыл соңында күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра біледі, бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салады. Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген, сазбалшықпен, ермексазбен, қамырмен мүсіндеуге қызығушылық танытады. Қағаздың

қасиеттері жайлы біледі /жыртылады, мыжылады/. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыланған, тазалық шараларын қолдана алады.

Дайын пішіндерден қарапайым композицияларды құрастырады.

Музыканы тыңдау дағдысын меңгерген, би қимылдарын орындайды, балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.

-«Әлеумет» білім беру саласының базалық мазмұны қоршаған ортамен танысу, экология негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады. Балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыруда оларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру арқылы, таныс заттарды ажыратуға үйрету жұмыстары жоспар бойынша жүргізіледі. Қазақстанның халық ауыз әдебиеті шығармашылығын қолдану арқылы Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті, ересектерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу жыл бойында ұйымдастырылған оқу әрекеттерінде, серуенде, режимдік сәттердің қолайлы кезеңдерінде жүргізіледі.

Жыл соңында отбасы мүшелері туралы әңгімелейді, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіреді, айналасындағы заттардың міндеттерін біледі, ересектерге көмектесуге ынта білдіреді, табиғаттың сипаттық маусымдық өзгерістерін анықтайды және атайды. Табиғат бұрышының тіршілік иелеріне қамқорлық танытады, аулада жаздың күндерінде ересектерге гүлзарларда көмектеседі.

2) Әдістемелік жұмыстың бағыты әдістемелік кеңес арқылы жүзеге асырылып отырады. Мемлекеттік аттестаттау барысында бейімделген бағдарламалар тексеріліп сағат сандары, бағдарламаны балалардың жас ерекшеліктеріне сай екені анықталды. Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау:

МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасында балалар кезекті басқару жүйесімен қабылданады. Бөбекжайбойынша топтардың жас кезеңдері сақталған, топтар бірдей жас принцип бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 9 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

13. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау: МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасында балалар Кезекті басқару жүйесімен қабылданады. Балабақша бойынша топтардың жас кезеңдері сақталған, топтар бірдей жас принцип бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 9 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

14. Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері:

«Нұрсая» бөбекжай балабақшасында педагогтар мен тәрбиеленушілердің шығармашылықпен айналысып, қалалық, облыстық, республикалық конкурстарға қатысуы назарға алынбаған. Алайда, балабақша ішкілік конкурстарды ұйымдастыру оқу-тәрбие жұмыстарының бір бөлшегі. 2019-2021

жылдары аралығында зияткерлік, шығармашылық конкурстарға қатысу нәтижелері мына төмендегіні көрсетті.

1.2019 жылы тәрбиеленуші Әлейдар Айғаным - ҚР Білім және ғылым министрлігі Республикалық «Мұқағали оқулары» конкурсына қатысып, жүлделі І-орын ДИПЛОМЫН иеленді.

2.2021 жылы тәрбиеленуші Алейдар Айғаным «Дарындар әлемі» халықаралық білім беру порталының ұйымдастыруымен өткен «Алтын күз» шығармашылық байқауында «Апликация» номинациясы бойынша ІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды.

3.2019 жылы тәрбиеленуші Задыбек Нұрислам Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Абай жаққан бір сәуле» атты республикалық конкурсының жеңімпазы атанды.

4.Тәрбиеленуші Құрақбай Аяла аудандық «Тәуелсіз ел-тұғырым» атты мәнерлеп оқу шығармашылық байқауында «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясымен марапатталды.

5.2019 жылы тәрбиеленуші Құрақбек Аяла «Халықаралық ғылыми тәжірибе» республикалық қашықтық олимпиадалар орталығының ұйымдастыруымен өткен «Алтын күз» сурет салу байқауында І-орын иеленгені үшін марапатталды.

6.2020 жылы тәрбиеленушілер Жарқынбай Бибіжамал, Болат Аянат, Құрақбек Аяла. «Мәңгілік жастары» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Қазақтың қайсар ұлдары» атты ІІ республикалық байқауға қатысып жүлделі марапаттарға ие болды.

7.2021 жылы тәрбиеленуші Әбдісамат Балерке «Дарындар әлемі» халықаралық интеллектуалды білім беру порталының ұйымдастыруымен өткен «Мәнерлеп оқу» номинациясы бойынша І-дәрежелі дипломмен марапатталды.

8.2021 жылы тәрбиеленуші Боранқұл Айсұлтан қашықтықтан өткізілген «Алтын күз» атты «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша І-дәрежелі дипломмен марапатталды.

9. 2021 жылы тәрбиеленуші Сүлеймен Мерей «Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қорының аса көрнекті ағартушы Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай ұйымдастырылған «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша жүлделі І-орынды иеленді.

15. 5 жылға арналған даму перспективалары:

2020-2025 оқу жылдарына арналған даму жоспарының негізгі мазмұны мына төмендегілерді қамту;

- Балабақшаның даму бағдарламасын болжау
- Ішінара білім беру процесін дамыту
- Материалдық-техникалық базаны ішінара дамыту
- Бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер мен іс-шаралар
- Бағдарламаны жүзеге асырудағы критерии мен нәтиже көрсеткіштері
- Тәрбие жұмысын жүзеге асырудағы мақсаттар мен міндеттер

Бағдарлама мақсаты: оқу – тәрбие үрдісінде инновациялық технологияларды енгізу негізінде бәсекеге қабілетті, білімі терең, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту

Бағдарлама міндеттері:

- білім алу мүмкіндігіне жағдай туғызу;
- білім алу үрдісін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің бойында 4К моделін қалыптастыру;
- білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;
- материалдық-техникалық базаны нығайту.
- педагогикалық білім беруді жаңғырту;
- білім беру мен тәрбиелеудің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;

Күтілетін нәтиже

1. Жалпы білім-білік дағдысының мазмұнының сапалық жаңаруы. Білім білім-білік дағдысын меңгеру сапасының көтерілуі.
2. Педагогтардың АКТ құзіреттіліктерін арттыру.
3. Балабақша қызметінің басқару жүйесінің жетілдірілуі.
4. Балабақшаның материалдық – техникалық базасының жақсаруы.

МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының стратегиялық бағыттары мен мақсаттары, міндеттері мен шешімдері, шаралары, даму бағдарламасын жүзеге асырудағы жұмыстары тәрбие жұмысын жүзеге асырудағы мақсаттар мен міндеттеріне **swot-талдау жасалынды.**

(Бағаланатын кезеңге бөбекжай-балабақшасының 5 жылдық даму жоспарының көшірмесі ұсынылды)

16. Кемшіліктер мен ескертулер:

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Осы талаптарды орындауда педагогтарымыздың АКТ-ны еркін меңгеру мәселесі туындап отыр. Бұл мәселені шешуде алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіледі.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді. Сондықтан топтарда кезекпен заттық дамытушы орта құруды, толықтыруды міндетімізге алдық. Мектепке дейінгі мекемеде озат педагогикалық тәжірибе — педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі екенін ескерсек, балабақшамызда озық тәжірибені пайдалану, тарату кенже дамып келеді. Педагогтар іс-тәжірибеде қолданғанымен, оны жинақтау, тарату, жалпылау бойынша қиналып жатады. Осы мәселені шешуде педагогтарды озық педагогиканы жинауда алдағы уақытта әдістемелік кеңестер, шеберлік сыныптар өтуді жоспарға енгіздік. Тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі бір принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа педагогтарға үлгі болып, озат тәжірибесі басқа балабақшаларға таратылады. Сонымен қатар, педагогтардың да, тәрбиеленушілердің де зияткерлік-шығармашылық конкурстарға қатыстырылуы орта деңгейде.

17. Қорытынды:

МКҚК«Нұрсая» бөбекжай балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді. Педагогтар қала көлемінде ұйымдастырылып өткізілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметі, семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестерге қатысып, өз құзыреттіліктерін көтереді, өзіндік білім көтеру үрдісінде бейімделген бағдарламалар мен қосымша білім беру бағдарламаларын қолданады. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. Балабақшадағы психологиялық және эмоционалдық жағдайды жақсарту, денсаулықтарын нығайту мақсатында көптеген жұмыстарды ұйымдастырылады.

Мекемедегі тамақтандыруды ұйымдастыру және медициналық қызмет көрсету өз деңгейде жүргізіледі. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Бөбекжай-балабақшасының оқу –тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік материалдық базасы жабдықталған.

Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Педагогтар жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім береді.

Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету- ата –аналармен өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы, ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттанғандығында.

Бөбекжай мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі:

- балаларды шынықтыру мен сауықтыру үшін жағдай жасау,материалдық-техникалық базаны нығайту
- Заттық- кеңістік дамытушы орталықтарында балаларды ойыншықтармен қамтамасыз етілуі өте төмен жағдайда,жеткілікті қаржы бөлінсе
- жас ерекшеліктерін 2018-2019 оқу жылындағыдай болса деген ұсынысымыз бар 5 жастағы бала-ойын баласы,сондықтан мектепалды даярлық топқа баруы ерте(ата-аналар ұсынысы негізінде)
- ағылшын тілін үйретуге мамандарға штат берілсе
- «Денсаулық» саласы бойынша құрал жабдықтармен толық қамтылса. Мысалы: матрац, өрмелеу қабырғасы, шаңғы, гимнастикалық орындықтар, жұмсақ туннельдер т.б.

Комиссия төрағасы: **Р.Игенбекова** /Балабақша директоры/

Комиссия мүшелері: **А.Егембердиева**/Балабақша әдіскері/

И.Спабекова /тәрбиеші/

А.Жолдыбаева /тәрбиеші/

Ш.Бахатаева /тәрбиеші/

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасы

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын
іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар**

№ р/с	Бағыттар және бағалау өлшемшарттары	Баға	Өлшеуіштер
1	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар		
1.1	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы	Uzdik	"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 72 % -дан астам
		zhaqsy	"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 65 – 71 %
		ortasha	"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 60 – 64 %
1.2	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру	uzdik	Интернет жылдамдығы 30 Мб/с-тан астам
		zhaqsy	Интернет жылдамдығы 10 Мб/с-тан астам
		ortasha	Интернет жылдамдығы 4 Мб/с-тан төмен
1.3	Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері	uzdik	Тәрбиеленушілер күндізгі немесе қашықтықтан өтетін халықаралық және республикалық зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері не қатысушылары болып табылады
		zhaqsy	Тәрбиеленушілер қашықтықтан немесе күндізгі облыстық, аймақтық зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері немесе республикалық деңгейдегі қатысушылар болып табылады
		ortasha	Тәрбиеленушілер қашықтықтан немесе күндізгі қалалық зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері немесе облыстық деңгейдегі қатысушылар болып табылады
1.4	Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері	uzdik	Тәрбиеленушілер күндізгі немесе сырттай халықаралық немесе республикалық деңгейдегі байқаулар мен шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері не қатысушылары болып табылады
		zhaqsy	Тәрбиеленушілер күндізгі және сырттай облыстық немесе аймақтық деңгейдегі

			шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері не республикалық деңгейдегі қатысушылар болып табылады
		ortasha	Тәрбиеленушілер күндізгі және сырттай қалалық немесе аудандық деңгейдегі шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері не не облыстық деңгейдегі қатысушылар болып табылады
2	Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар		
2.1	МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру	uzdik	75 %-дан астам респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған
		zhaqsy	60 %-дан астам респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған
		ortasha	50 %-дан астам респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған

МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-

балабақшасының директоры:

Р.Игенбекова

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарына
5-қосымша

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Бәйдібек ауданыны
адами әлеуетті дамыту бөлімінің МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының бағалау
парағы**

№ р/с	Бағыттар мен бағалау өлшемшарттарының атауы	Баға
1	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы	Uzdik 100%
2	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру	Ortasha
3	Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері	Ortasha
4	МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру	Zhaqsy
	Қорытынды баға:	Zhaqsy (4)

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-
балабақшасының директоры:**

Р.Игенбекова